

ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАРАГАНДЫ  
ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІЦ  
«АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ АТЫНДАҒЫ  
МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ  
ИМЕНИ АХМЕТА БАЙТУРСЫНУЛЫ  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА  
КАРАГАНДЫ УПРАВЛЕНИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ  
ОБЛАСТИ

## БҮЙРЫҚ

02.09.2024

Караганды қаласы

## ПРИКАЗ

№ 138

город Караганда

### Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Занына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру үйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру үйымдарында, білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру сондай-ақ мектепке дейінгі үйымдарда жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 24.05.2021 жылғы № 231 бұйрығымен енгізілген озгерістерді ескере отырып) және Қарағанды қаласы білім бөлімінің 2024 жылғы 29 тамыз №428 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 2 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс үйимдастырылсын.

2. 2024 жылғы 2 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтылуы жөніндегі қаржының уақытылы менгерілуін бас есепші З.Б.Мырзашева қамтамасыз етсін. (тізім ұсынылды) қосымша 1, 2

3. Ережеге сәйкес білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып,

күнделікті ас мәзірі бекітілсін. Күнделікті таңтерен қарап, тамақтың дәмін көру (пробасын) медбике А.Р.Досжановага жүктелсін.

4. Сапалы тамақтануды сынып жетекшілер жиналысында, сынып сағаттарында насиҳаттау сынып жетекшілері мен медбике А.Р.Досжановага жүктелсін.

5. Тамақтың сапасын, асхананың санитарлық жағдайын қадағалау мақсатында бракераждық комиссия құрылсын.

6. Оқушылардың күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Бейсембаевага жүктелсін.

7. Ас блогының паспорты дайындалсын және бекітілсін. Паспортты дайындау және бекіттіру әлеуметтік педагог А.С.Мукашеваға жүктелсін.

8. Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша айлық есептердің уақытында тапсырылуын қамтамасыз ету сынып жетекшілері мен әлеуметтік педагог А.С.Мукашеваға міндеттелсін.

9. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз ету әлеуметтік педагог А.С.Мукашеваға жүктелсін.

10. Үстық тамақ қызметін жеткізушилер (келісім бойынша) «ЖК Сатибаева» жүктелсін.

11. 1-4 сынып оқушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен қаратырылған 5-11 сынып оқушылары үшін білім бөлімімен бекітілген перспективалық ас мәзірін күнделікті ұстасын.

12. Әлеуметтік қорғалмаған отбасынан шыққан оқушыларды арендатор есебінен ыстық тамақпен қамту мүмкіншілігін әлеуметтік педагог А.С.Мукашева қарастырысын. (тізім ұсынылды) қосымша 3

13. Жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған ыстық және буфеттік тағамдар Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2017 жылдың 16 тамызында көрсетілген №611 бүйрекімен бекітілген санитарлық ережелерге, «Әлеуметтік көмек көрсетілген азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына сәйкес ұйымдастырылсын.

14. Осы бүйректың орындалуын бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Бейсембаевага жүктеймін.



Директор

С.Изтулеуова

Бүйрекпен таныстым:  
А.С.Мукашева  
А.А.Бейсембаева  
А.Р.Досжанова